ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 4 қараша Іс № 5501-24-00-2/3351 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысыденсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Тас Контракт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысыденсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық онкологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «Тас Контракт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Тас Контракт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Тас Контракт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге

көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Көшірме дұрыс
Судья Е. Магзумов

Анықтама: шешім 2024 жылдың «12» желтоқсан күні заңды күшіне енді.
Судья Е. Магзумов

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 04.11.2024

5501-24-3-1/3670